

Дербес деректерді өңдеуге қатысты құпиялылық саясаты

1. ЖАЛПЫ ҚАҒИДАЛАР

1.1. Дербес деректерді өңдеуге қатысты «АЛИДИ» ЖШҚ кәсіпорнының (әрі қарай мәтінде - Оператор) саясаты 27.07.2006 жылғы № 152-ФЗ «Дербес деректер туралы» Федералдық заңының (әрі қарай – Федералдық заң) 18.1 бабына сәйкес әзірленген және дербес деректерді өңдеу және қорғауға қатысты қойылатын талаптар туралы мәліметтерді қамтиды.

1.2. Оператор өзінің қызметін жүзеге асыру барысында дербес деректерін өңдеу кезінде адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын сақтауды, соның ішінде жеке өмірге, жеке және отбасылық құпияға қол сұқпаушылық құқықтарын қорғауды басты назарына алады.

2. САЯСАТТА ПАЙДАЛАНЫЛАТЫН НЕГІЗГІ ТҮСІНІКТЕР

2.1. **Сайт** – графикалық материалдардың, сондай-ақ ЭЕМ-ге арналған бағдарламалар мен деректер базасының жиынтығы болып табылатын және олардың желілік мекен-жай бойынша интернет желісінде қолжетімділігін қамтамасыз ететін ақпараттық өнім;

2.2. **Пайдаланушы** - <http://www.alidi.ru/> веб-сайтына кез-келген кіруші;

2.3. **Оператор** – өз бетінше немесе басқа тұлғалармен бірлесе отырып дербес деректерді өңдеуді ұйымдастыратын және (немесе) жүзеге асыратын, сондай-ақ дербес деректерді өңдеу мақсаттарын, өңдеуге жататын дербес деректердің құрамын анықтауға қатысты дербес деректермен жасалатын заңды әрекеттер (операциялар);

2.4. **Дербес деректерді өңдеу** – ЭЕМ пайдаланумен немесе оларды пайдаланбастан дербес деректермен жасалатын кез-келген әрекеттер;

2.5. **Дербес деректерді иесіздендіру** – нәтижесінде қосымша ақпаратты пайдаланбастан дербес деректердің нақты бір Пайдаланушыға тиесілі екендігін анықтаудың мүмкін еместігі болып табылатын әрекет.

3. ДЕРБЕС ДЕРЕКТЕРДІ ҚҰРАМЫ ЖӘНЕ ӨНДЕУ

3.1. Оператор Пайдаланушының дербес деректерін өңдейді. Пайдаланушының жеке тұлғасын анықтауға мүмкіндік беретін дербес сипаттағы кез-келген ақпарат дербес деректер ретінде түсініледі, ол ақпараттарға:

- Тегі, аты, әкесінің аты
- Қала
- Компания
- Телефон
- Қала
- Электрондық поштаның мекен-жайы
- Мүдделері, қызметтер мен бағыттарының саласы

3.2. Оператор интернет-статистика сервистерінің (Яндекс Метрика, Гугл талдау және басқалары) көмегімен Пайдаланушы туралы иесіздендірілген дербес деректерді (соның ішінде «cookie» файлдарын) өңдейді. Оператор мұндай деректерді тек қана статистикалық мақсаттарға, қызмет көрсетудің, тауарлар мен ілеспе қызметтердің (сервистердің) сапасын жақсарту әдістерін талдау үшін пайдаланады. Аталған ақпарат біршама уақыт өткеннен кейін жойылады.

4. ДЕРБЕС ДЕРЕКТЕРДІ ӨНДЕУДІҢ МАҚСАТТАРЫ

4.1. Оператор Пайдаланушының дербес деректерін келесі мақсаттар үшін өңдейді:

- Пайдаланушы сұрататын өнімдер мен қызметтерді ұсынуға. Оператор ұсынылған ақпаратты Пайдаланушының сауалын орындау үшін пайдаланады.
- Оператор Пайдаланушы ұсынған дербес деректерді Пайдаланушымен байланысуға, сұрақтар мен пікірлерге жауап қайтаруға, жаңалықтар мен соңғы деректерді хабарлау үшін пайдаланады.
- Оператор ұсынылған дербес деректерді Пайдаланушыға дербестелген материалдар, ақпаратты, ұсыныстарды және Оператордың немесе Оператордың компаниялар тобының өнімі туралы басқа ақпаратты ұсыну үшін пайдаланады.

4.2. Интернет-статистика сервистерінің көмегімен жиналатын Пайдаланушылардың иесіздендірілген деректері Пайдаланушылардың сайттағы әрекеттері туралы ақпараттарды жинауға, сайттың және оның мазмұнының сапасын жақсарту үшін қызмет етеді

5. ДЕРБЕС ДЕРЕКТЕРДІ ӨНДЕУДІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ НЕГІЗДЕРІ

5.1. Оператор, Пайдаланушы өзінің дербес деректерін өз бетінше <http://www.alidi.ru/> сайтында орналасқан арнайы нысандар арқылы жібергенде және/немесе толтырған жағдайда ғана Пайдаланушының дербес деректерін өңдейді.

5.2. Пайдаланушы өзінің дербес деректерін Операторға жіберу немесе тиісті нысандарды толтыру арқылы аталған саясаттың шарттарын қабылдап, өзінің мүдделілігін танытады және оның дербес деректерін жинау келесі қадамдарды қамтитынына толық келісімін береді: дербес деректерді жинау, жазу, жүйелеу, толтыру, сақтау, нақтылау (жаңарту, өзгерту), шығару, пайдалану, табыстау (қолжетімділік ұсыну), иесіздендіру, бұғаттау, жою, өшіруді. Пайдаланушының дербес деректерін өңдеуге берген келісім нақты, хабардар әрі саналы болып табылады.

5.3. Пайдаланушының браузеріндегі баптауларда рұқсат етілген жағдайда («cookie» файлдарының сақталуы және JavaScript технологиясын пайдалану қосылған) Оператор Пайдаланушы туралы иесіздендірілген деректерді өңдейді.

6. ДЕРБЕС ДЕРЕКТЕРДІ ЖИНАУ, САҚТАУ, ТАБЫСТАУ ЖӘНЕ БАСҚА ӨНДЕУ ТҮРЛЕРІНІҢ ТӘРТІБІ

6.1. Оператормен өңделетін дербес деректердің қауіпсіздігі, дербес деректерді қорғау саласындағы қолданыстағы заңнаманың талаптарын толық көлемде орындау үшін қажетті құқықтық, ұйымдастырушылық және техникалық шараларды іске асыру жолымен қамтамасыз етіледі.

6.2. Оператордың тапсырмасы бойынша және оның атынан дербес деректерді өңдеуді жүзеге асыратын тұлғаларды және заңнамамен белгіленген жағдайларды қоспағанда Пайдаланушының дербес деректерін үшінші тұлғаларға табыстау жүзеге асырылмайды.

6.3. Пайдаланушының дербес деректерінде дәлсіздіктер анықталған жағдайда ол өз бетінше Оператордың электрондық поштасына **alidi@alidi.ru** «Дербес деректерді өзектендіру» туралы жазбаны жіберу арқылы өзектендіре алады.

6.4. Пайдаланушы электрондық поштаның көмегімен Оператордың электрондық поштасына **alidi@alidi.ru** «Дербес деректерді өңдеуге арналған келісімді кері қайтару» белгісі бар хатты жіберу арқылы кез-келген сәтте өзінің дербес деректерін өңдеуге берген келісімін кері қайтара алады.

6.5. Пайдаланушы дербес деректерін өңдеуге берген келісімін қайтарып алған жағдайда, Оператор №152-ФЗ «Дербес деректер туралы» Федералдық заңы 6 бабының 1 бөлігіндегі 2-11 тармақтарында, 10 баптың 2 бөлігінде және 11 баптың 2 бөлігінде көрсетілген негіздер болған кезде Пайдаланушының келісімінсіз оның дербес деректерін өңдеуді жалғастыра алады.

7. ҚОСЫМША АҚПАРАТ

7.1. Пайдаланушының сайттың көмегімен жиналған дербес деректері қолданыстағы заңнамаға сәйкес сақталады және өңделеді.

7.2. Оператор заңды коммерциялық мақсаттар бар болғанға дейін және аталған саясатқа сәйкес дербес деректерді сақтайды.

7.3. Пайдаланушы Операторға табыстайтын дербес деректер шетелге жіберілуі мүмкін, алайда Оператор дербес деректерді қорғау туралы осы қағидаға ғана сәйкес дербес деректерді жинауға, өңдеуге және пайдалануға міндеттеледі.

7.3. Дербес деректерді өңдеуге қатысты құпиялылық саясатының осы қағидалары оқтын-оқтын өзгеріп отыруы мүмкін, сондықтан осы парақшаға үнемі кіріп, осы қағидаларда өзгерістің бар-жоқтығын тексеруді ұсынамыз.

7.4. Байланыс ақпараты: e-mail alidi@alidi.ru